

Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық

QSCREEN

PATH MEDICAL, Germany

Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық QSCREEN




Жабдықтарды дайындаңыз:

1. QSCREEN-ді қосыңыз, Қуат түймесін басыңыз.




2. *Тестті орындау үшін Test белгішесін басыңыз.*

Науқасты таңдамай. Тест деректері науқасқа кейінірек тағайындалуы мүмкін. Тестті науқасқа тағайындау туралы толық ақпаратты Пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз. Сондай-ақ, алдымен құрылғыдан жаңа немесе бар науқасты таңдауға болады.



3. *Құрылғыңызда қолжетімді тесттер тізімі экранда көрсетіледі.*



Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық QSCREEN



ОАЭ ТЕСТІ

Тест ортасы

ОАЭ тестін жүргізу үшін ең қолайлы орта – тыныш бөлме.

Дыбыстық фондық шу ОАЭ өлшеулеріне теріс әсер етеді.


Баланы дайындау

Бала ұйықтап жатуы немесе тыныш әрі босаңсыған күйде болуы керек. Емізу, көз жыпылықтау, жылау немесе қимылдау тест нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Преобразовательді орнату


Науқастың құлақ арнасына сай келетін құлақ ұшын таңдап, оны зондқа бекітіңіз. Зондты құлаққа кіргізіңіз.

Өлшеу кезінде зондты ұстамауға тырысыңыз, себебі бұл шуға әкеліп, тест нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.




Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық QSCREEN

Тестті бастау
ТЕОАЕ немесе DPOAE таңдаңыз және
тестті бастау үшін
сол жақ құлаққа көк түймені,
қызыл түймені басыңыз.
ал оң жақ
құлаққа






Зондтың орнатылуын тексеру

ОАЭ тесті басталғаннан кейін экранда
«Тексеру» хабары шығады.
Құрылғы зондтың дұрыс орнатылғанын
және құлақ арнасының
герметикалығын тексереді.
Егер зонд дұрыс орнатылса,
индикатор жасыл түске өзгереді.



Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық QSCREEN Тест нәтижелері (DPOAE)



Тесттен өту критерийлері орындалғанда, төмендегі өлшемдер жасыл индикатормен көрсетіледі, бұл тестің **ӨТКЕНІН** білдіреді.

Егер тесттен өту критерийлері өлшеу уақыты ішінде орындалмаса, төмендегі өлшемдер қызыл индикатормен көрсетіледі, бұл тест **ҚАЙТАЛАУДЫ ТАЛАП ЕТЕТІНІН (REFER)** білдіреді.

Егер тест жүйе PASS немесе REFER статусын тағайындағанға дейін қолмен тоқтатылса, төмендегі өлшемдер индикатормен көрсетіледі, бұл тестің **АЯҚТАЛМАҒ АНЫН (INCOMPLETE)** білдіреді.

Басқа құлақты тексеруге болады, жоғарыда келтірілген мысалда (оң құлақ) белгішені басу арқылы.

ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ
QSCREEN
Тест нәтижелері (DPOAE)



Сол құлақты қайта тексеруге болады, жоғарыда келтірілген мысалда (сол құлақ) белгішені басу арқылы.

Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық QSCREEN



КСВП ТЕСТІ

Тестілеу ортасы

КСВП тестін өткізу үшін ең қолайлы орта – жарық пен басқа электронды құрылғылар өшірілген тыныш бөлме.

Баланың дайындығы

Пациенттің жағдайы

Бала ұйықтап жатуы немесе тыныш әрі босаңсыған күйде болуы керек.

Емізу, көзді жыпылықтату, жылау немесе қозғалыс тест нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.

Теріні дайындау

Егер баланың терісі майлы немесе верникспен жабылған болса, электродтарды орналастырмас бұрын тері аймағын дұрыстау керек. Өткізгіштікті жақсарту үшін электродтармен бірге арнайы гель қолдануға болады.

Электродтарды орналастыру


Электродтарды таңдалған тестілеу схемасына сәйкес орналастырыңыз:

Мастоид – бір құлақты тестілеу үшін.

Шүйде (паре) – бинауралды (екі құлақты) тестілеу үшін.

Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық QSCREEN

Баланың дайындығы
Кабельдерді қосу
Электрод кабельдерін сәйкес беткі электродтарға қосыңыз.



Қызыл:
екі құлақты бір уақытта тестілеу үшін шүйдеге немесе бір құлақты өлшеу үшін самай сүйегіне орналастырылады.
Қара: бет сүйегіне (референтті электрод).
Ақ: маңдайдың жоғарғы бөлігіне.

Түрлендіргішті орнату
Құлақ зондын немесе кірістірілетін құлаққаптарды қолданғанда, зондқа немесе құлаққапқа құлақ ұшын бекітіп, содан кейін түрлендіргішті құлаққа орналастырыңыз. Өлшеу кезінде зондты қолмен ұстамаңыз, өйткені бұл шу тудырып, тест нәтижесіне әсер етуі мүмкін. Құлаққа арналған чашкаларды қолданған жағдайда, оларды пациенттің құлағына мықтап бекітіңіз.





Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық QSCREEN

Тестті бастау
КСВП тестін таңдап,
келесі батырмалардың бірін басыңыз:


Көк батырма – сол құлақты тестілеуді бастау үшін.
Қызыл батырма – оң құлақты тестілеуді бастау үшін.
Көк/қызыл батырма – екі құлақты бір
уақытта тестілеу үшін.

Импедансты тексеру
КСВП тесті басталғаннан кейін экранда
«Тексеру» хабарламасы пайда болады.
Құрылғы импеданс мәндерінің рұқсат етілген
шектерде екенін тексереді:


Жасыл белгі – импеданс қалыпты деңгейде.
Қызыл белгі – электродтардың орнын өзгерту немесе оларды ауыстыру ұсынылады.



Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық SCREEN Тест нәтижелері



"Тесттен өту критерийлері орындалғанда, төмендегі өлшемдер жасыл индикатормен көрсетіледі, бұл тесттің ӨТКЕНІН (PASSED) білдіреді. ✓



Егер тесттен өту критерийлері өлшеу уақыты ішінде орындалмаса, төмендегі өлшемдер қызыл индикатормен көрсетіледі, бұл тест ҚАЙТАЛАУДЫ ТАЛАП ЕТЕТІНІН (REFER) білдіреді. ✗



Егер тест жүйе PASS немесе REFER статусын тағайындағанға дейін қолмен тоқтатылса, өлшеу нәтижесінің төменгі жағында тесттің АЯҚТАЛМАҒАНЫ (INCOMPLETE) көрсететін индикатор пайда болады. ⊘

Пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулық



QSCREEN ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҒЫ
2022-09
01

QSCREEN

Бағдарламалық жасақтама нұсқасы: 2.0

Шығарылған күні: 2022-09

Редакция: 01

Күшіне енген күні:

Firmware Rev 2.0

QSCREEN (PM1610)

Қатысты құрылғы: QSCREEN (PM1610)

Аталған барлық элементтер, өнімдер, брендтер және тауар белгілері тіркелген немесе көрсетілген компанияларға тиесілі.

Осы нұсқаулықта ұсынылған барлық ақпарат, суреттер мен техникалық сипаттамалар өнім туралы жарияланған сәттегі ең соңғы қолжетімді деректерге негізделген. PATH MEDICAL алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзінде сақтайды.

Біздің веб-сайтымызда немесе жарнамалық материалдарда көрсетілген барлық өнімдер барлық аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін жергілікті дистрибьюторға немесе PATH MEDICAL компаниясына хабарласыңыз.

Қысқаша нұсқаулықтың өзекті нұсқасын мына сілтеме арқылы табуға болады:
www.pathme.de/download.

Қателіктер мен дәлсіздіктер орын алуы мүмкін.

Авторлық құқық туралы ескерту
Осы нұсқаулықтың ешбір бөлігі PATH MEDICAL GmbH компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз көшірілуі, аударылуы, сақталуы немесе кез келген электрондық, механикалық, көшіру, жазу немесе басқа құралдар арқылы таратылуы мүмкін емес.

Copyright © 2022 PATH MEDICAL GmbH

Tel.: +49 89 800 76 502 Fax: +49 89 800 76 503 Internet: www.pathme.de

PATH MEDICAL GmbH
Landsberger Straße 65
82110 Germering
Germany

